



«БЕКІТЕМІН»

«Зайсан технология колледжі» КММ
директоры Е.Т.Сейлханов

«31» 108 2018 ж.

ОЗАТ ТӘЖІРИБЕ МЕКТЕБІ ТУРАЛЫ ЕРЕЖЕ

1. Жалпы Ережелер

Озат тәжірибе мектебі әдістемелік кабинеті базасында құрылады да, озат педагогикалық тәжірибені насихаттаудың озық формасы болып табылады. Озат педагогикалық тәжірибе оқу-тәрбие процесінде аз ғана күшті, қаржы мен уақытты жұмсап, жақсы жетістіктерге жетуге мүмкіндік береді.

2. ОТМ жұмысының мақсаттары

Ең жақсы оқытушы тәжірибесін зерттеу, көпшілікке тарату, қорыту және дәріптеу.

3. ОТМ қызметі

1. Колледж ішіндегі озат тәжірибені анықтау, қорыту, тарату, құнды педагогикалық табыстармен алмасу.

2. Колледж ішіндегі ең жақсы педагогикалық тәжірибені колледж аймағынан тыс жерлерге тарату.

3. Бұқаралық педагогикалық шығармашылыққа, оқытушылардың басшылығына ынталандыру.

4. Шығармашылық жұмысы дәлелінің дамуы.

4. ОТМ жұмысының формасы

ОТМ жұмысының жоспары озат педагогикалық тәжірибені берудің (хабарлаудың) келесі формаларын қарастырады:

- оқу-әдістемелік семинарларда, ғылыми-практикалық конференцияларда оқытушылардың баяндамаларымен шығып сөз сөйлеуі;
- конкурстар мен олимпиадаларға қатысуы;
- ғылыми-әдістемелік журналдар мен жинақтарда мақалалардың басылуы.
- әдістемелік нұсқауларды әзірлеу, бюллетеньдерді шығару.
- инновациялық технологияларды қолдана отырып ашық сабақтар өткізу.
- өзін-өзі оқыту бойынша тақырыпты қорғау және жұмыстың басқа формалары.

5. Ұйымдастыру мен басқару

Озат тәжірибе мектебін жалпы басқарушысы - әдістеме кабинетінің меңгерушісі. Оның міндеттері:

- ОТМ жұмысының жоспарын әзірлеу;
- оқытушылар жұмысы тәжірибесін қорытындылау;
- колледждің оқытушылар жұмысының тәжірибесіне инновациялық формалар мен қызметінің әдістерін, ОТМ нұсқауларын енгізуді бақылау.
- оқу процесін ұйымдастырушыларға әдістемелік көмек көрсету.

ОТМ тікелей жетекшісі - жоғары және бірінші санатты, тәжірибелі оқытушы болып саналады. Оның міндеттері:

- ОТМ жоспарын, тақырыбын, ұйымдастыру әдісін әзірлеуге қатысу.
- сабақтардың мерзімділігін, тыңдаушылар тобының құрамын, олардың біліктілік деңгейін, жұмыс профилін ескере отырып анықтау.
- дәріс, консультация, семинар, конференция, конкурс, олимпиадаларға дайындалуға қатысу.

6. Іс жүргізу

1. Озат тәжірибе мектебі туралы Ереже.
2. ОТМ жұмысының жоспары.
3. Әдістемелік нұсқаулар, бюллетеньдер, ашық сабақтар, басылымдар зерттемесі.

Озат педагогикалық тәжірибені колледждің оқу-тәрбие процесіне енгізу бойынша жұмыс нәтижелері жыл сайын өткізілетін «Тәжірибе. Жаңашылдық. Шығармашылық» атты әдістемелік көрмеде талданады.